«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ОБЛАСТИ АБАЙ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

071400, Республика Казахстан, область Абай, город Семей, улица Достоевского, 110

13.06.2023 ж. №178121

«BS-INVEST GROUP» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*әрі қарай - Департамент*), Сіздің №178121 электронды шағымыңызға, мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы – ""Абай облысы Бородулиха ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылатын № 9661113-1 ««Абай облысы, Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылында Абай көшесі, П. Н. Борков көшесі және Қазақстан көшесі бойынша ИКИ құрылысы» объектідегі техникалық қадағалау қызметтері» қызметін сатып алу бойынша электронды конкурсына байланысты төмендегіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының *(әрі қарай - Қағида)* 243 тармағы 6 тармақшасына сәйкес, *Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай өлшемшарттар қолданылады: теріс мәндер.*

Сонымен бірге 289-4 тармағына сәйкес *Конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт ретінде теріс мәндер осы Қағидаларға 11-5-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілерге қолданылады.*

Бұл ретте Қағиданың 289-5 тармағына сәйкес *Егер әлеуетті өнім берушінің орындауында ағымдағы қаржы жылында жасалған шарт болса, веб-портал әрбір осындай шарт үшін осындай әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттардың шартты жеңілдігінің жалпы сомасының нөл бүтін оннан бір пайызын (0,1%)* ***автоматты түрде алып тастайды***.

Осы орайда, Сіздің шағымдарыңызда көрсетілген мән-жайлар өз дәлелін таппағандығын хабарлаймыз.

Камералдық бақылауды жүзеге асыру Ережесінің 19 тармағына сәйкес, камералдық бақылау Сіздің шағымда көрсетілген уәждер шегінде жүргізілді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабы 6-тармағына сәйкес, Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқығыңыз бар екендігін хабарлайды.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9 тармағына сәйкес дауларды шешудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Басшы **Б.Әшенов**

орын.Махмудов Э.М.
Тел.8 776 490 22 91